Әуезов творчествосының алғашқы кезеңін сөз еткенде Александр Дроздовтың мына пікірін келтірмеске болмайды: Мұхтар Әуезов «1917 жылдан жаза бастады. Оның әңгімелері бірден өзіне назар аудартты: онда өзіне тән жазушылық мәнер, тек оның өзіне ғана біткен әдеби аяқ алыс бірден байқалды, бұл әңгімелерден әдебиеттің болашақ тамаша шебері дүниеге келе жатқанын аңғаруға болатын еді. Ол Европа біліміне жетік адам болды, бірақ оған нәр берген идеялардың аумағы оны тежей берді, оның күшін әлсіретті. Ол халықтың ішіндегі таптық күштердің антогонизмін көрмеді, түсінбеді. Сондықтан болар өз халқының жүрер жолын аңғармады. Ауылдағы патриархалдық-рулық тұрмыстан адамдар қарым-қатынасындағы бұзылмаған тазалықтың етене жаралған берік және адал арнасын көрмек болды.

Осының салдарынан оның қолынан «Қилы заман», «Қаралы сұлу», «Сыбанның моласында» әңгімелері туды. Бұл әңгімелерді жансыз, қатып қалған деуге болады, өйткені оларда ғасырлар бойы жемтіктелген өмірдің өзгермейтіндігі суреттеледі, олар жаңа өмірдің гүлденуіне қарсыласа отырып, кейін қарай сүйрейді. Әуезов сол өмірдің ілгері басуына ерік бергісі келмейді» деп етектен тартқан қарсы пікірдің молдығына қарамастан Зейнолла Қабдолов Мұхтар Әуезовтей ұлы алыптың өнерпаздығын, таланты мен кемеңгерлігін сонау катал партияның катал цензурасынан қаймықпай, қажыса да талмай, дәлелдеп алып шыққан ерлігін толық мойындауымызға болады.

Мұхтар Әуезовтің ғалымдық жолы көпке белгілі. Оның қаламынан қазақ халқының ауыз әдебиетіне арналған көптеген зерттеулері де жоғарыда айтылғандай көптеген кедергілерге кездесті.

Ұлы жазушының 1923 жылы айтқан мәнді де құнды ойы – «қазақтың ауызша әдебиеті бір заманда тәртіпті жазба әдебиетінің қызметін атқарғандығы білініп отыр. Сол міндетін атқарғандықтан ауызша әдебиет өз өрісінің кеңейтіп әкеткеніні көріп отырмыз» деген пікірі.

Мұхтар Әуезов қазақ ауыз әдебиетін зерттеу сапасындағы еңбектерінің тізімін келтірсек сала құлаш болар еді. Және де ғұламалық қайраткерлігінің ең бір сүбелі саласы да фольклористикада жатыр.

Осы ретте 1927 жылы шыққан «Әдебиет тарихы» атты монументальды еңбегінің түгелдей ауыз әдебиеті үлгілеріне арналғаны, оны іштей саралап классификациялауы әшейінгі бір қызықтаудан әлдеқайда мәні зор дүние болатын. Әрине теріліп басылып, дайын болған зерттеудің практикада қолданылмағанымен, оның өзіндегі кемелді ойлар М. Әуезовтің фольклористік қайраткерлігінде жарқырап көрінеді. Қазақ эпосы, батырлар жыры, ақындар айтысы, ертегі, жұмбақ, халық өнерпаздығы жайында айтылған мәнді зерттеулернің барлығы өзі басқарып шығарған «қазақ әдебиет тарихының» бірінші томының (1948 және 1960) ажарлы да лұғатты беттері ғана емес, қазақ фольклористика ғылымының дамуына қосқан зор үлесі. [1.178]

Мұхтардың әдебиет тарихы, оның басталуы мен дамуы жайлы ойлары тым қызғылықты болғанымен, қазақтың қоғамдық өмірінің дамуы жағдайларына сүйеніліп айтылғандықтан бұл ойлар кейін өріс ала алмай, тағы да Мұхтардың ұлтшыл ретінде айыпталуына байланысты тоқталып қалды. Оның алғашқы күрделі еңбегі «Әдебиет тарихы» пайдаланудан алынып, идеялық жағынан зиянды кітаптардың қатарына қосылды. Тек Қазақстан дербес тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана «Ұлтшылдық ағым» ақталып, соған қатысты тыйым салынған әдебиеттер ішінде М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» да толық күйінде қайта басылып шықты.

Бұл кітап – қазақ халқының ұлттық әдебиетін тұтас күйінде жүйелеп зерттеуге жасалған алғашқы талап. Автор алғысөзінде оның қазақ әдебиетінің бүкіл тарихын қамту мақсатын қоймағанын айтқан. Онда «ескі күннен бастап, Абай мезгіліне шейін қазақ тілінде шыққан сырлы сөздің түрлерін айырып, жік-жікке бөліп, әрбір дәуірден қадау-қадау белгі қойып, сол белгілер бойынша тарих шаңы басып жатқан ескіліктің желісін созып шығу», «Әдебиет көшінің ұлы сұрлеулерін тауып алу» міндеті қойылады. Мұхтар кезінде абыроймен орындап шыққан осы шағын мақсаттың, сұрлеудің бұл күнде ұлы даңғыл жолға айналғаны қазақ әдебиет тарихы туралы зерттеулерден белгілі.

Мұхтардың алғашқы еңбегі осы жолдың сұрлеуін салғаны даусыз. Сонымен қатар Мұхтар кітабы жазба әдебиеттің басталуы, оның ауызша шығарылған әдебиетпен байланысы, айырмашылықтары жайында кең сөз етеді. Алғашқы әдебиет тарихшысы ретінде автордың әдебиет тарихын жасаудың қажеттігі мен міндеттерін айқындайтын пікірлері де орнықты әрі ғылыми дәлелді. Ол ұлттық әдебиеттің өткен жолын зерттеу, түсіну арқылы «Қазақ деген елдің өткендегісі мен бүгінгі пішінін тануға» болатынын ескертеді. Әдебиет дамуын халық бастан кешкен тарихи жағдайлармен байланыстыра қарайды. «Белгілі заманның тарихи шарттары мен кәсіп дағдысынан туған салт-сана, сезім, тілек қандай еді? Елдің өнер туғызған қиялымен үлгілі сөз туғызған ақылшалымы, ішкі дүние байлығы қандай еді? Қазақ тілінде әрбір заманда шыққан сырлы сөздердің үлгісі қандай, мағынамаңызы қандайлық? Бір-бірінің ортасындағы тарихи байлам, тіркестік қайсы, әрбір жұрнақты туғызған себеп пе?» Осының бәрін жүйелеп, саралап зерттеу, оқулық түрінде жас ұрпаққа ұсыну мақсаты Мұхтар еңбегін жазуға себеп болған.

Қазақ халқының тарихи өткен жолын шолу мен оған баға беруде, әдебиет туындыларын солармен байланыста қарастыруда Мұхтар сөзі алғашқы ғылыми ойлардың басы десе де боларлық. Ол мұны «Тарихи өлеңдер» мен «Зар заман ақындары» бөлімдерінде толық баяндаған. Оның «тарихсыз заманда» шыққан кітабындағы бұл ойлар да сонылығымен бағалы. Ол қазақ елінің кең даланы еркін жайлап жүрген заманындағы әдебиет үлгілерінде «Қайда барамын, не тілеймін, кім боламын?» деген сұрауларды өзіне қоймаған ел болғанын айта отырып, отаршылдықтың заманы туған кезде ғана әдебиетте «бағыт, мақсат деген нәрселердің» туғанына, жаңалық іздеп, «бастаймын, түзеймін, қазіргі күйге қанағаттанбаймын» деген күй, бірлік, алғашқы рет тұтасқан ой құралып, әдебиет жүзінде елдің әлеуметтік тіршілігі сөз бола бастағанына, содан бастап жазба әдебиет дәуірі туғанына тоқталады. Осылардан бастап әдебиет «әлеумет халін ұғып, ел қамын жоқтауға кіріседі. Өлең бұрынғыша қызық, сауық сияқты емес, қауым қызметін атқара бастайды. Елдің саяси пікірі мен тілек, мақсат, мұң, зар сияқты сезімдерінің басын қосып, жаңадан ой негізін, салт – санасын құрай бастайды» дейді ол. Қазақтың ұлттық әдебиетінің



тарихи жолы қазақ хандарының тұсынан XV–XVI ғасырлардан басталып, жыраулар поэзиясы үлгісінде дамығаны, олардың ар жағында жалпы түріктік ортақ мұралардың жазба әдебиетке бастау болғаны кейін зерттеліп дәлелденді. Соның өзінде Мұхтар жобасы әдебиет тарихының алғашқы сүрлеуі есебінде аса бағалы.

Абылай заманынан басталатын әдебиетті Мұхтар «Зар заман әдебиеті» деп атайды. Оның пікірінше, зар заман ақындарын сол дәуірдің тарихи жағдайлары туғызған. «Ақтабан шұбырындыдан» басталған қазақ қайғысы кейін орыс патшалығына бағынуға ұласып, «ноқтаға бас иіп, асаудың жуасып, алыптың басылған уақытымен» жалғасады.

Отаршылдықтан қысым көрген қалың жұрттың қайғысын ақтарған төлтума дүниелерді Мұхтар Әуезов: «Бұл дәуірдің әдебиеті сол кездегі жұмбақ күнге жеткен елдің алдында тұрған күзден, алданда тұрған қайғылы күнінен қорқып, қобалжып тұрып, ыңыранып күрсінген күйін көрсетеді. Не болса да артқа қайтар күн жоқ. өлімге кетсе де алға кететін болған соң артқы бостандық, бірлік күніне қоштасқан мезгілі.» деп сипаттама берген екен. [2.240]

Зар заман ақындарының шығуын Мұхтар XIX ғасырдың орта кезінен бері қарай, Исатай, Махамбет, Кенесарылар қозғалысынан кейінгі кезеңге жатқызады. Бұл кезең мен Абылай заманының арасындағы тарихи байланыстарға лайық әдебиетте де Кенесары жорығының артынан шыққан зар заман ақындары мен Абылай дәуірінде болған ақындардың арасынан сондайлық үзілмейтін жалғастық табады. Ол Абылай дәуіріндегі зар заман ақынын екі топқа бөледі: бірі – келер күннің жұмбағын шешіп беріп, елге өсиет айтатын қария, екіншісі – толғау айтқан жырау. Екеуінің де көпке айтар сөздері өлең күйінде айтылып, тақпақ, толғау болып келеді. Олар – елдің ақылшы кеменгері, заманның сыншысы, елді меңгерген хан мен бектің ақылшы уәзірі. Қауым тіршілігінде саяси салмағы зор ақындардың аузынан шыққан сөзі де қорғасындай ауыр, оқтай жұмыр, өтімді болған. Мұхтар осы дәуір поэзиясының үлгісі есебінде Асан қайғы мен Бұқар жырау шығармашылығына тоқталады. Асан ел алдына, әдебиет алдына халықтың ендігі күйі «не болады» деген сұрақ қоя білді дейді. Оға мысал ретінде Асанның «мұнан соң қилы – қилы заман болар, заман азып, заң тозып жаман болар. Қарағайдың басына шортан шығып, балалардың дәурені тамам болар» деген жыры мен Жәнібек ханға айтқан сөзін келтіреді. Сол арқылы Асанды «бұл дәуірдегі әлеумет тіршілігінің ең шаншулы мәселесін әдебиет жүзінде түсіріп, алғаш рет қалың ел қамын ойлап, күңіренген ақын ретінде бағалайды. Зар заман ақындарының сары уайымы Асаннан басталады деген қорытынды жасайды. Ал Бұқар шығармашылығынан Мұхтар «әлеумет қамын сөйлеу, мұң – зармен, арманмен сөйлеу» қабілетін көреді. Бұқар Асан қайғының жоғарғы өлеңдеріндегі жұмбағын шешеді, басқа жырларында «қайғы шерін Асан заманының қайғысымен жалғастырады». [3.112]

Мұхтар кітабы ұлттық әдебиеттің даму жолы туралы алғашқы сүрлеу болғандықтан, онда әдебиет тарихына қатысты көптеген деректер, жеке ақындар еңбектері толық бағасын ала қойған жоқ. Оған сол тұста ақындар шығармаларының түгелдей жиналып басылмауы себеп болған. Оны автордың өзі де мойындайды. Оның әдебиет тарихын түгелдей қамтымай, оның сүрлеуін салуды ғана міндетіне алуы осыны байқатады.

М. Әуезовтің бүкіл тарихи әдебиетті зар заман сарынына тіреуі де көшпелі өмір кешіп, әрқилы сыртқы күштердің дүмпеуіне ұшыраған елдің мұң – зарын бейнелеуінен туындайды. Алайда отаршылдықтың өзінің әрқилы дәуірді бастан өткізген, әр кезеңдегі халықтық күрес пен езілген елдің арман – үмітінің түрліше ерекшеліктері болғанын ескерсек, бүкіл бір ұлттың әдебиетін тек зар заманға бағындырып қою әдебиеттің өрісін тарылтып жіберетінге ұқсайды деген А.А.Жұмабековаға «Зар заман әдебиеті» атты монографиясында Бауыржан Омарұлы зар заман поэзиясы тек әдебиеттану ғылымының зерттеу объектісі ретінде ғана емес, әлеуметтік қоғамдық саяси ой ағымы ретінде тарихшылар мен философшыларға да таптырмайтын тақырып екенін көрсеткен. Зар заман құбылысының өте ауқымды екенін және оны пәлсафалық тұрғысынан зерттеу нысанына өзек еткен зерттеушілер Қырғызстанда да, біздің елде де баршылық екенін баса айтқан. [5.7]

Осындай қазіргі зерттеушілердің пікірлерінің қарама-қайшылығына қарап-ақ Мұхтар Әуезов туралы зерттеудің енді ғана басталғанын көруге болады.

Соған қарамастан, М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» кітабы қазақ әдебиеті тарихын жүйелеуде, оның тарихи сүрлеуін салуда аса маңызды, тұңғыш еңбек болып табылады. Оның негізгі қағидалары қазақ халқының сыртқы басқыншылық пен отаршылдыққа қарсы күресі тұсында туған әдебиет материалдарына сүйеніп жасалды. Автордың позициясында ел тағдыры, ұлт мүддесі жайында ойлану басым.

Бұл айтылғандар М. Әуезовтің қазақ әдебиеттану ғылымының басында тұрып, әдебиет тарихына қатысты алғашқы зерттеулер жасаушы болғанын көрсетеді. Ол еңбектері әлі де өзіндік күшін жойған жоқ. Идеологиялық саясаттың ырқымен кейбір бағалы ойлары көмескі тартқанмен, олар әлі де кейінгі зерттеушілерге ой сала алады.

Әдебиет тарихы мәселеріне Мұхтар кейін де айналып соғып отырады. Оның біраз өзекті проблемалары, жеке ақындар шығармашылығын бағалау жайы ғалымның жалпы әдебиеттану туралы ой-пікірлерінде жиі айтылады. Ол қазақ әдебиетінің жасалу ісіне де араласты. Бірақ арнаулы зерттеу жасаған жоқ. Оның зерттеулері, негізінен, ауыз әдебиеті мәселеріне арналды. Содан соң көп уақытын Абай өмірі мен шығармашылығын зерттеуге жұмсады. Соның өзінде қазақ әдебиеті

тарихын жүйелеуде алғашқы еңбектерінің бірі болған. Мұхтардың жоғарыда аталған екі кітабы әдебиет туралы ғылым тарихынан көрнекті орын алады.

Сонымен, Мұхтар Әуезовті қазақ әдебиеті тарихын тұңғыш жүйелеп зерделеген – ғалым деп тануымызға әбден болады.

### Әдебиет

1. Тұрсынбек Кәкішев. Жанр жайлауы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 454 б.
2. Мұхтар Әуезов. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
3. Жұмабекова Айкен Айтмағамбетқызы \ Ана тілі, 2008. – 15 қазан.
4. Дандай Ысқақұлы. Әдебиет айдынында. Арыс баспасы, 2008. – 435 б.
5. Бауыржан Омарұлы. Зар заман әдебиеті. Елорда: 2005. – 327 б.

УДК 379.85(574)

## ДЕТСКО-ЮНОШЕСКИЙ ТУРИЗМ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

*К.Ж. Оспанова*

*Бала-жастық туризм құрастыруға әсер ететін ұрпақты қадірле. Жанында оқушы тұлғасына педагогикалық құрастыруда жақсы тәрбиенің барлық негізгі тараптары ықпал етеді: отанышылдық, әдептілік, еңбек, денсаулық, экологиялық.*

*Детско-юношеский туризм является одним из эффективных средств комплексного воздействия на формирование личности подрастающего поколения. При правильном педагогическом построении, ориентируются на личность учащегося все основные стороны воспитания: патриотическое, нравственное, трудовое, физическое, экологическое.*

*Youthful tourism is one of the effective remedies of complex influence on formation of the person of rising generation. At correct pedagogical construction it is integrated on the person of the pupil all basic parties of education: patriotic, moral, labour, physical, ecological.*

В соответствии с Законом РК (от 13 июня 2001 г. №211 – II) туризм определяется как «путешествие физических лиц продолжительностью от 24 часов до одного года либо, меньше 24 часов, но с ночевкой в целях, не связанных с оплачиваемой деятельностью в стране временного пребывания». [1]

Наблюдения детьми сначала простейших, а затем и более сложных природных явлений, проникновение в их сущность – необходимые шаги на пути формирования экологического мировоззрения.

Экологическая тропа – специально разработанный маршрут для познавательной экскурсии, проложенный таким образом, чтобы на сравнительно небольшом отрезке пути можно было увидеть как можно больше разнообразных интересных экологических объектов или явлений. [2]

Туризм в разной степени оказывает влияние на жизнь местного населения, его материальную и духовную деятельность, систему ценностей, общественное поведение, интересы. В регионе, где наблюдается социально-культурная активность, где туризм носит традиционный характер, и количество туристов уступает численности местного населения, а их культурный уровень приблизительно одинаков, не отмечается особого воздействия туризма. Однако в среде промышленно развитых регионов рост туризма может привести к значительным переменам в социальной структуре, окружающей среде и местной культуре. [3]

Одним из эффективных средств воздействия на подростка есть воспитание туризмом. В туристских походах школьник приобретает определённый жизненный опыт, учится терпимо преодолевать неудобства, закалять дух и тело, ценить родные просторы и с уважением относится к культуре, традициям, мировоззрению народов, проживающих в окружающем его мире.

Путешествия школьников позволяют объединить отдых с познанием жизни, быта, истории, расширяют кругозор подростков, развивают их интеллект, формируют эстетический вкус, способствуют лучшему пониманию реальной картины мира. Физические нагрузки при этом мотивируют процесс морально-духовного совершенства и способствуют укреплению чувства уверенного в себе и в успехе.

Туризм является самой массовой формой активного отдыха и оздоровлению учащихся, непосредственной дорогой к ЗОЖ. Во время путешествий туристы учатся понимать, что здоровье — это важный фактор работоспособности и гармонического развития человека, особенно детского организма. Каждый турист овладевает минимумом знанием в области гигиены и медицины, смолodu узнаёт свой организм и умеет поддерживать его в порядке. Туризм является целенаправленным физическим воспитанием, где одновременно проводится оздоровительная работа, которая включает в себя вовлечение всех подростков в самостоятельный процесс приобщения к основам здорового образа жизни. [4]

В настоящее время детско-юношеский туризм в нашей стране существуют в трёх секторах: 1) государственный сектор — представлен наиболее широким спектром организаций: а) в системе образования — станции юных туристов, центры детско-юношеского туризма и детские дома творчества, детско-юношеские клубы;

б) в системе физической культуры и спорта — спортивные школы, клубы физической подготовки; в) в системе органов молодёжной политики дворовые клубы по интересам; 2) частный коммерческий сектор — туристские фирмы; 3) частный, не коммерческий сектор — общественные объединения, фонды, союзы, отдельные энтузиасты.

Главная роль в развитии туристской работы с детьми и юношеством принадлежит, без сомнения, организациям государственного сектора. Частные некоммерческие организации чаще всего находятся в ситуации хронической нехватки и материальных и человеческих ресурсов. Тем не менее, любая попытка системного анализа проблем, с которыми сталкиваются все организации и отдельные активисты туристской работы с молодёжью, показывают, что проблемы эти во многом сходны между собой, мало зависят от форм собственности типа организации и могут быть структурно разделены на ряд групп. [5]

Детско-юношеский туризм является одним из эффективных средств комплексного воздействия на формирование личности подрастающего поколения. При правильном педагогическом построении интегрируются на личность учащегося все основные стороны воспитания: патриотическая, нравственная, трудовая, физическая, экологическая. Значительно расширяется их кругозор, идет практическое познание родного края и с окружающей природой, с памятниками истории и культуры, прививаются навыки туристской культуры.

В 2007 году Министерством туризма и спорта РК и Министерством образования и науки РК был издан совместный приказ «Об организации Республиканской туристской экспедиции (туристского похода) «Моя Родина – Казахстан». В котором говорится, что «Детско-юношеский туризм – один из основополагающих факторов развития внутреннего туризма и воспитания туристской культуры». Государственной программы развития туризма в РК на 2007-2011 годы, утвержденного постановлением Правительства РК от 28 февраля 2007 года № 156, были утверждены Правила организации Республиканской туристской экспедиции (туристского похода) «Моя Родина – Казахстан».

Основная цель экспедиции «Моя Родина — Казахстан» заключается в вовлечении учащихся общего, среднего, технического, профессионального и высшего образования вузов, специализированного образования для одаренных детей, интернатных учреждений, в организационные формы занятия туризмом.

Реализация данного проекта позволит активизировать деятельность по развитию внутреннего туризма, через создание и апробацию туристских маршрутов по Казахстану, продолжится развитие детско-юношеского туризма и восстановление детских туристских организаций, клубов, кружков. Это, в свою очередь, ока-

жет влияние на развитие идеологии здорового образа жизни среди подрастающего поколения.

По продолжительности туристская экспедиция (туристский поход) подразделяется на однодневные, двухдневные и многодневные, которые зачитываются при выполнении нормативов и требований Правил на получение значка «Казахстан саяхатшысы».

В последние годы растет потребность учащихся школ города и области заниматься туризмом, но процент охвата до сих пор катастрофически низок. Дефицит бюджетного финансирования, непонимание руководителей организаций образования о позитивной роли туристско – краеведческой работы в школах и организациях дополнительного образования негативно отразился на этой деятельности.

Внедрение Республиканской туристской экспедиции (туристского похода) «Моя Родина – Казахстан», должно дать положительные результаты на активизацию туристско-краеведческой деятельности. Но чтобы планомерно заниматься этим в рамках школьной программы, необходимо наличие специалистов и профессиональных кадров. Есть необходимость активизировать работу турорганизаторов школ города и области.

А для этого необходимо в ближайшее время принять меры по организации курсовой подготовки инструкторов школьного туризма. [6]

#### Литература

1. Закон Республики Казахстан о туризме от 2001 года.
2. Бедненко В.А., Вольф Л.А., Жолондз Н.И., Матвеев В.Э., Матвеева И.Н. и др. Методические рекомендации по разработке экологических маршрутов (троп) – П., 2002.
3. Кусков А.С., Джаладян Ю.А. Основы туризма: учебное пособие для вузов.– М.: Наука, 2008.
4. Формирование у школьников здорового способа мышления средствами туризма / У.: Тропинка-сокпак № 2. – 2009.
5. Туристская работа с детьми и юношеством: анализ проблем / У.: Тропинка-Сокпак № 1. – 2005.
6. Отчёт Детско-Юношеского Центра Экологии и Туризма / Областная секция по физической культуре и туризму, П., 2009.

ЖАЛПЫЛАУ АРҚЫЛЫ ӨРНЕК ҰҒЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*А.Қ. Алтысов*

*В статье приведены пути применения научных методов в формировании алгебраических выражений.*

*Мақалада алгебралық өрнектерді қалыптастыруда ғылыми әдістерді пайдалану жолдары көрсетілген.*

*In this article are described the ways of using the scientific methods in forming of algebraic calculations.*

Жалпылау мен нақтылауға оқытып үйрету үшін мүмкін болатын барлық жағдайларды қарастыру керек. Ол мектеп математика курсына ұғымдарды қалыптастыру, есептер шығару, кейбір тақырыптар мен бөлімдерді қайталау кезінде жүзеге асырылады. Жалпылауға оқушыларды үйрету мақсатты және жүйелі түрде жүргізіліп отырылуы тиіс.

Жалпылау бұл:

- қарастырылып отырған объектілерді салыстыру;
- олардың ішіндегі ең бастысын, жалпы белгілерін бөліп алу;
- оларды осы белгілер бойынша біріктіру.

Объектілерді жалпы белгілері бойынша анықтағанда тұрақтыны айнымалымен алмастырады және зерттелетін объектіге қойылатын шектеулер жойылады.

Нақтылауда – айнымалы тұрақтымен алмастырылады немесе зерттелінетін объектіге қандай да бір шектеу қойылады.

Сонымен кез келген ұғымды мазмұны және көлемі жағынан саралауға болатыны белгілі. Бір ұғымнан оған қарағанда кең екінші ұғымға көшу – жалпылау, ал керісінше жүру – нақтылау болып табылады.

У. Сойер жалпылау бұл – математикалық білімді кеңейтудің ең оңай және қарапайым жолы болса деп керек деп тегін айтпаған [4,44].

Жалпылауды ұтымды жүргізу нәтижесінде ұғымды саналы игеруге, олардың арасындағы логикалық байланыстарды тағайындауға және жүйелеуге қолайлы жағдай жасалынады.

Кез келген сабақта білім қалыптастыру терминдерден басталады. Математиканың негізгі терминдерінің бірі – өрнек. Өрнек ұғымын қалыптастыру әдіске байланысты пайдаланып жүрген оқулықтарда санда өрнектің бір мүшесін әріппен белгілеу арқылы өрнек ұғымы қалыптасады деген пікір туындайды. Содан кейін

сол өрнектегі әріпке әр түрлі сандар беріп оның мәнін есептеуді оқушылардан талап етеді. Бұл әрекеттен «өрнек» терминнің мағынасы ашылды деген үміт артады. Бірақ бұдан нәтиже ала алмай жүрміз. Сандарды әріппен белгілей салып оған өрнек деген атау бере салу оқытудың бір түрі сияқты. Өрнек ұғымының қалыптаспай жүруінің негізгі себебі осында десек қателеспейміз.

Тәжірибеде байқағанамыздай, білім, біріншіден, адамның ішкі сезімін оятқан жағдайда ғана қалыптасады, екіншіден әдістемелік іс әрекет ой қозғалысының заңдылығына сәйкес болуы керек. Оқулықтарда пайдаланып жүрген әріптерге мән беру жалпылау емес нақтылау. Кері процесс арқылы тура процесі қалыптастыруға болмайды. Өрнек ұғымы жалпыланған ұғымның атауы. Математикалық амалдар арқылы сандардың немесе әріптердің бір жол бойына өрілуін қысқаша өрнек деп атаған.

Егер сандар математика амалдары арқылы мағынасы берілсе, ондай өрнекті санды өрнек дейді. «Санды» сөзін қоспағанда сандар мен әріптер математика амалдарымен өрілді деп түсінеміз. Осы анықтама арқылы бұл ұғымның мағынасы ашылды.

Анықтамада қанша сандар неше амалдар өрілуі туралы еш нәрсе айтылмаған. Бұл «өрнек» сөзімен анықталатын өріс арнасының кендігін көрсетеді. Осы өрістің ауқымдылығын бір әріппен өрнектеу процесін жалпылау дейді деген түсініктеме оқушылардың абстракциялық ойларын қалыптастыруға әсері бар [3,37]. Енді осы ойды іске асыру ғана қалды. Ішкі сезімді оятудың жолы оқушылардың өздеріне керектігін, яғни пайдалылығын көрсетіп жалпылау процесіне қатыстыруды дұрыс деп есептейміз.

Мысалы, әрбір оқушыға төмендегідей мысалдары бар карточкалар тапсырылады.

18*34-78	18*85-78	18*916-78
18*19-78	18*97-78	18*463-78

Карточкадағы 6 өрнектің екеуін бағанға жазамын және бір-біріне ұқсас санды өрнектерден мына: «тұрақты санды, тұрақты белгілерді сақтап, ал әр түрлі сандарды әріппен белгілейміз» ережесін пайдаланып айнымалысы бар бір өрнек аламын деп жалпылау процесін тақтаға жазып қойып оқушылар сондай іс-қимылды орындағанша тосады.

Мұғалім оқушылардың ойларын және қимылдарын басқаруды бағыттап оқыту әдісін пайдаланып іске асырады. Нұсқаудан кейін мұғалім де, оқушылар да жалпылау процесінің нәтижесінде алгебралық өрнектерін алады. Мұғалім оқушылардың ойларын екі мәселеге аударуы тиіс:

1) әртүрлі сандарды бір әріппен белгілеп, сандардың жалпы өрнегі алынғанына;

2) көптеген санды өрнектердің жалпыланып бір өрнек алынғанына.

Бұдан алгебралық өрнек ұғымы санды өрнектерді бір-екі рет жалпылағанда қалыптаса қойды деп айта алмаймыз. Сондықтан бұл процесті қозғалыс енгізу арқылы жалпылауды қарастырайық. Математикадан жалпылаудың екі түрін қарастырамыз, олардың бірі жоғарыда көрсетілген көптеген сандарды бір әріппен белгілеу, екіншісі қозғалыс арқылы жалпылау. Мұны оқушыларға мысал арқылы түсіндірсек, яғни оралған қағаздың ашылған жазылымының ауданын есептеу талап етілсе, ұзындығы өзгеріп тұратындығын аңғарған оқушылар қойылған сауалға бірден жауап бере алмайды. Демек, бұл мысал арқылы олардың санасына айна-малы шама енгізбей қозғалыстың нәтижесін сипаттауға болмайды деген сезімді ұялату мәселесі шешіледі. Сонымен осы сияқты мысалдар арқылы айнаымалы шама қозғалыстың нәтижесін сипаттайды деген ұғымды және айнаымалы шамалар арқылы өз еңбегін үнемдейтіндігін оқушыларға сезіндіре алсақ, онда алгебралық өрнектің мағынасы олардың санасына жетеді де абстракциялық ойлаудың қалыптасуына және дамуына әсер етеді. 1-ші сыныптан 7-ші сыныпқа дейін нақты мысалдар арқылы қалыптасқан консервативтік ойды бірер мысалдар төңірегінде шешуге болмайды және оған асығыстық жасаудың да қажеті жоқ. Ішкі сезім ояндай оқушылар жаңа ұғымды қабылдамайтындығын естен шығармаған абзал, өйткені алгебралық өрнек консервативтік ойдан абстракциялық ойға ауысатын өткел. Өткел неғұрлым берік болса, онда оқыту кезінде кездесетін білім сілкіністері қаланып жатқан білімді әлсірете алмайды.

Өрнектерді жалпылаудың қажеттілігін мына мысалдан аңғаруға болады. Айталық,  $a^2 - b^2 = (a - b)(a + b)$  формуласын пайдаланып  $16a^2 - 49b^2$  жікте десе, оқушы бұл талапты орындай алмайды, өйткені бірінші өрнектегі ақпараттың мөлшері екіншіге қарағанда аз болғандықтан оның ойын дамытпай отыр. Ойлау қозғалыстың бір түрі болғандықтан, жалпы қозғалыстарға тән шарттар ойды да қозғалысқа келтіреді деген болжам айтуымызға болады. Математика абстракты ғылым болғандықтан абстракциялық ойлау процесіне үйретпей оқушылардың математикалық қабілетінде қалыптастыра алмаймыз. Өмірде болып жатқан құбылыстарға назар аударсақ, автомобильдер жолмен жүреді, поездар темір жолмен қозғалады. Су өзен деп аталатын өзінің арнасымен қозғалысқа келеді және су жоғарыдан төменге қарай өзінің арнасымен ағады, ал керсінше ақпайды, өйткені судың алдыңғы қимасында әсер ететін күштің мөлшеріне қарағанда кейінгі қимасына әсер етуші күштің мөлшері молырақ. Бұл мысалдан жасайтын қорытынды: қозғалысқа қатысатын объектінің арнасы болу керек және оны қозғалысқа келтіруші әсер етуші фактордың шамасы арнадағы факторға қарағанда аз болуы керек. Жалпылап айтқанда, объектілер жиынын ақпараттар өрісі, ал қозғалыс болатын орындарын олардың арнасы деп

қарастыруымызға болады. Ақпарат қозғалысы жалпы қозғалыс ұғымының бір дер-бес түрі болғандықтан мұның беретін бейнесі, яғни формасы болып табылады [5, 89]. Абстракциялық ойлар өрісінде жұмыс істеу ойлау қабілетін дамытуға және ұғымдарды қалыптастыруға қосатын үлесі мол. Мысалы,

$$(\Delta - O)(\Delta + O) = \Delta^2 - O^2 \quad (1)$$

$$(\Delta - O)(\Delta + O) = O^2 - \Delta^2 \quad (2)$$

$$\Delta^2 - O^2 = (\Delta - O)(\Delta + O) \quad (3)$$

(1), (3) ақпараттар арнасы бола алады, өйткені бұлар мағынасын жоғалтқан жоқ, ал мағынасын жоғалтуына байланысты (2) теңдігі ақпарат арнасы бола алмайды. Сонымен математикада ақпарат арнасы деп функциялық тәуелділіктің түрін (формасын) сақтайтын теңдікті айтады.

Ойды қозғалысқа келтіретін – ақпарат. Сонымен ойды қозғалысқа келтіру үшін екі мәселені шешуге тиістіміз:

1) өріс құруды;

2) оның арнасын құру.

Өріс математикалық заңдылықтарды пайдалану мүмкіндігін туғызатын өрнектердің жиыны, ал арна құру оның формасы. Мысалы, жоғарыда қарастырылған өрнектер квадраттарының айырмасының формасы, ал геометриялық фигуралардан жасалған қалталарға әртүрлі сандарды, әріптер мен сандарды, сандар мен өрнектерді салып аз уақыт ішінде оқушылардың көз алдынан өрнектер жиынын (өрнектер өрісін) өткізіп формулада көрсетілген математикалық амалдар өрістегі кез келген объектілер үшін орындалады деген сезімді олардың жүрегіне ұялату мәселесі көзделіп отыр. Формуладағы амалдар орындалғаннан, яғни дұрыстығы анықталғаннан кейін ақпарат өрісі мен ақпарат арнасы ұғымдары, яғни абстракциялық ойлау жүйесі қалыптаса бастайды. Формулалардың түрін геометриялық фигуралар арқылы жазғанда абстракциялық ойларын қалыптастырамыз, екіншіден сол фигураларда кез келген өрнектер болатындығын есте сақтау үшін оларды тиісінше  $\Theta_1$  және  $\Theta_2$  алмастырып жазылатындығы оқушыларға айтылады. Формулалардағы табиғи тілде оқығанда  $\Theta_1$ -ші мен  $\Theta_2$ -ді тиісінше бірінші және екінші өрнектер деп оқығанда бұлар әріптер емес әртүрлі өрнектер болатыны оқушының есіне түсіп отырады. Бұдан формулалар өрнектер өрісінде пайдаланатындығы, яғни өрістің кеңейтілетіндігі туралы сезім оқушылардың жүрегіне ұялай береді. Ойлау есепті қолға алған сәттен басталады. Есеп құрылымынан алған ақпарат бойынша есептеуге қажетті формуланы оқушы жадынан іздейді. Ақпарат нақты құрылымнан алынады, ал құралдың құрылымы (өріс арнасы) жалпыланған өрнек. Осы кезеңдегі ізденді құралды табу мүмкіншілігі оқушының нақты өрнекті жалпылай білу қабілетіне байланысты. Бұл қабілет ғылыми әдістерді пайдаланған кезде қалыптасады.

Айталық,  $16a^2 - 49b^2$  өрнегін көбейткіштерге жіктеу керек болсын. Екі мүшенің айырмасы екендігін және әріптердің дәреже көрсеткіштері 2-ге теңдігін ескеріп берілген өрнекті жалпылау арқылы жазылатындығын түсіндіру кезінде оқушы абстракциялау процесінің бірінші баспалдағына шығып көтеріледі.

$16a^2 = \Theta_1^2$  жазғанда оқушы оның екінші баспалдағына шығады. Өрнектің екі мүшесінің түрлендірулеріне қажетті бір құралды екі рет жазбай бір-ақ рет былай  $n^2 p^2 = (np)^2$  түрінде жазғанда ол оның үшінші баспалдағына шығады.

$\Theta_1$  мен  $\Theta_2$  өрнегін табу кездерінде де нақты құрылымдарды жалпылау және керісінше жалпы құрылымдарды нақтылау процестері бірінен кейін бірі ауысып жатады.

Бұл бір формуланы пайдаланып есеп шығару кезіндегі абстракциялық ойлау процесінің сатылары. Басқа формулаларды пайдаланып есеп шығару кезінде нақтыны жалпылау және жалпыны нақтылау процестері қосарланып жиі қатарланып отырады. Осы кезеңде абстракциялық ойлау қабілеті бірге пайдаланылған формулалар екі тік сызық арасына жазылып отыратындықтан оқушының жадында математикалық сөйлемдер қорыда қалыптасады.

Мысалы,  $a^2 + b^2$  өрнегін көбейткіштерге жіктеу керек. Өрнегі математика тілінде, ал есеп талабы табиғи тілде тұжырымдалған. Егер есеп мазмұнын математика тілінде көрсетілгендей аударып жазғанда оқушы абстракция процесінің бірінші бастамасына бірден шығады

$$a^2 + b^2 \Rightarrow \Theta_1^2 - \Theta_2^2 = (\Theta_1 - \Theta_2)(\Theta_1 + \Theta_2)?$$

$\Rightarrow$  таңбасының оң жағындағы формула біріншіден талап үшін алынады, екіншіден оның әрбір бөлігі ойлау процесінің кезеңдері деп қарастырамыз. Берілген өрнектің құрылымын теңдіктің сол жағындағы өрнектің құрылымына келтірмей есеп талабын орындай алмаймыз.

Бұлардың негізгі айырмашылығы таңбада. Кез келген санды қосып алғанмен  $\Theta_1^2 - \Theta_2^2$  іспеттес құрылым жасай алмаймыз. Сондықтан жинастырған кезде екі мүше болатындай санда қосып-алу керек деген ой арқылы оқушылардың ойын құрылымы күрделі формуланы естеріне түсіруге бағыттаймыз, яғни оларды абстракциялық ойлауға тәрбиелейміз. Осы процесті математика тілінде қысқаша былай жазып көрсетуімізге болады:

$$a^2 + b^2 = a^2 + b^2 + 2ab - 2ab = (a + b)^2 - 2ab = (a + b - \sqrt{2ab})(a + b + \sqrt{2ab}).$$

Бір формуланы пайдалануға қатысты екі мысалда оқушының ойлау бағыты нақтыдан абстракцияға және керісінше абстракциялық ойды жалпылау арқылы қалыптастыру жолдары көрсетілді. Әрбір қарастырылатын мысалдар оқушылардың өз ойларын басқару, ойлау қабілетін дамыту бағытында істелсе мұғалімнің еңбегі еш болмайтындығын түсіну қиын емес.

Математиканы оқытудың ғылыми әдістерін игеру, оқыту процесінің тиімділігін арттыруға көмектеседі. Пән ретінде математика тек өзіне тән белгілермен ерекшеленеді. Ол белгілердің ең бастысы – оқып үйренетін ұғымдардың неғұрлым жалпылығы, мұның өзі алғашқы математика сабақтарында-ақ бой көрсетеді. Сондықтан оқу процесінде математикалық ұғымдарды қалыптастырғанда да, сол ұғымдарды іс жүзінде қолданғанда да осы ерекшеліктерді бейнелейтін әр алуан әдістерді пайдалану қажет. Сонымен бірге, оқытудың ғылыми әдістерін қолдану шәкірттердің ойлауын дамытатынын, олардың жалпы мәдениетін көтеретінін, математика сабақтарында қалыптасқан тәсілдер мен ұғымдарды жүзеге асыру қабілетін шындайтынын айрықша атап өткен жөн.

### Әдебиеттер

1. Ә. Бидосов. Математиканы оқыту әдістемесі. – А., 2007.
2. Методика преподавания математики в средней школе. Общая методика. / Сост. В.А. Огонесян, Ю.М. Колягин, Г.Л. Луканкин, В.Я. Саннинский. – М.: Просвещение, 1985.
3. Усова А.В. Формирование у школьников научных понятий в процессе обучения. – М.: Педагогика, 1988.
4. Сойер У. Прелюдия к математике. – М.: Просвещение, 1988.
5. Крупич В.И. Структура и логика процесса обучения математике в средней школе. – М., 1990.

ӨОЖ 372. 851

ТЕҢДЕУЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫН СТАНДАРТТАУ АРҚЫЛЫ ШЕШУГЕ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ

**А.Қ. Алтысов, А.М. Ускенбаева**

*Мақалада күрделі теңдеулердің құрылымын стандарттау арқылы ойлау қабілеттерін қалыптастыру және дамыту жолдары қарастырылған.*

*В статье рассматриваются вопросы развития умственного мышления учащихся с помощью решения сложных уравнений методом приведения их к стандартной форме.*

*The article describes the problems of development of students mental thinking throughout the solution of difficult equations.*

Күрделі теңдеулердің шешімін табу қиын. Сондықтан теңдеулерді топ-топқа бөліп шешу процесі азда болса біліктілікті арттыруға пайдасы барлығын тәжірибеден байқадық [2,29]. Күрделі теңдеулерді шешу жеке тұлғаның шығармашылық белсенділігіне байланысты. Есеп шешудің басты мақсаттарының бірі – ойлау қабілетін қалыптастыру және дамыту болып табылады. Демек, ойлау қабілетін қалыптастыру арқылы әр алуан теңдеулерді, түрлендірулерді, есептеулерді орындауды үйретумен бірге, ойлап, талқылауға, математикалық фактілерді салыстыруға және дамытуға баулуы тиіс. Теңдеулердің құрылымын неғұрлым стандарттау арқылы шешуге үйрету, соғұрлым пайдалы болмақ, яғни мұндай есептерді шешу арқылы дұрыс ойлауға, сын көзбен қарауға, бақылағыштыққа машықтанады.

Мысал ретінде бірнеше теңдеулерді қарастырайық.

1.  $x^4 - 3x^3 - 8x^2 + 12x + 16 = 0$  көпмүшелігінің екі жағын  $x^2$ -қа бөліп содан кейін топтағанда  $x - 4/x = t$  алмастыруын жасауға болатындығы байқалады.

2.  $(x^2 + x + 1)^2 = x^2(3x^2 + x + 1)$  көпмүшелігіндегі  $3x^2$ -ты алдымен  $2x^2 + x^2$  қосындысы түрінде өрнектеп, жақшаны ашқаннан кейін  $x^2$  бөлу керектігі туралы айтылған. Сонда жаңа айнымалы  $t$ -ның өрнегін анықтауға болады:  $(x^2 + x + 1)/x^2 = t$ .

3.  $\frac{2x^2 + x + 2}{3x^2 - x + 3} = \frac{2x^2 - 3x + 2}{x^2 - x + 1}$  өрнегінде  $x^2$ -тың коэффициенттері мен бос мүшелердің теңдігінен басқа тілге тірек ететін ақпар жоқ. Бөлшектің алымынан да бөліміненде жақша сыртына  $x$ -ті шығарсақ, онда айырмашылығынан гөрі ұқсастығы көбірек болатыны мына өрнектен байқалады:

$$\frac{2\left(x + \frac{1}{x}\right) + 1}{3\left(x + \frac{1}{x}\right) - 1} = \frac{2\left(x + \frac{1}{x}\right) - 3}{\left(x + \frac{1}{x}\right) - 1}$$

Осы өрнектен  $x + 1/x = t$  белгілеу керектігі шығады. Қарастырған үш теңдеуге енгізетін функциялардың құрылымдары әр түрлі. Теңдеулерді шешуде «құрылымы тұрақты функция» ізделінеді десек, онда студенттердің ойларын есеп құрылымынан тұрақты функцияны іздестіруге бағыттуға болады. Сонда есеп шығарушының ойлау жүйесі жалпыланып ойы теңдеу құрылымдарын зерттеуге емес, олардың құрылымдарынан тұрақты функция іздестіруге бағытталады.

Теңдеу шешу екі кезеңге бөлінеді. Бірінші кезеңде құрылымы тұрақты функция ізделінеді де теңдеу жүйе түрінде жазылады, ал екінші кезеңінде енгізілген айнымалының сан мәнін табу мәселесі шешіледі. Мысалдар арқылы осы идеяны іске асыру жолын көрсетелік.

4.  $x^8 - 6x^4 + 5 = 0 \Rightarrow x = \kappa$ .

Шешуі.  $x^4 = y$  белгілесек, онда келесі жүйені аламыз

$$x^8 - 6x^4 + 5 = 0 \Rightarrow \begin{cases} x^4 = y \\ y^2 - 6y + 5 = 0 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x^4 = y \\ (y - 3)^2 = 4 \end{cases}$$

Жүйенің екі теңдігіндегі  $y$ -тің көрсеткіштерін салыстырсақ, онда құрылымы тұрақты функция квадрат үшмүшеліктің  $(y^2 - 6y + 5)$  екінші мүшесінің құрамында болатындығын байқаймыз, немесе бірінші мүше дәрежесінің негізін тұрақты функция үшін қабылдаймыз. Өйткені оның бірінші мүшесіндегі көрсеткіш 2 құрылымы тұрақты функцияға қатысы жоқ. Басқаша айтқанда, 2-стандарт функцияның дәреже көрсеткіші емес. Стандарт функцияның негізін табу үшін квадрат үшмүшелікті түрлендіріп жаздық. Ол процесті құрылымы тұрақты функция арқылы жазып былай да көрсете аламыз.

$$(x^4)^2 - 6x^4 + 5 = 0 \tag{1}$$

(1) теңдігіндегі  $x^4$ -тің орнына  $x^8$ ,  $x^6$ -сін қойсақ, онда квадрат теңдеудің формасы өзгермейді. Форманы өзгертпейтін функцияны құрылымы тұрақты функция дейміз.

Құрылымы тұрақты функцияны бейнелеу тұрғысынан қарастырсақ, ол қысу мен созу операцияларына әсері бар, теңдеудің шешімінің санын өзгертпейді. Анығырақ айтсақ, дәреже көрсеткіш неғұрлым көбірек болса, онда екі қозғалмайтын нүктелер арасында квадрат үшмүшеліктің графигін соғұрлым көбірек қысып абсцисса өсіне жақындатады, ал қозғалмайтын нүктелердің сыртында орналасқан ординаталарды созады [1,47].

Бірінші үш есептің құрылымдарында тұрақты функцияда (сөйлем құрамын қысқарту үшін құрылымы тұрақты функцияны осылай атаймыз) және квадрат үшмүшеліктің формасыда жоқ. Тұрақты функцияны  $f(x)$  пен, квадрат теңдеудің формасын  $y^2 \pm py \pm q = 0$  арқылы белгілейік. Сонда бірінші есептің қойылысын математика тілінде былай жазуымызға болады.

$$1. x^4 - 3x^3 - 8x^2 + 12x + 16 = 0 \Rightarrow \begin{cases} f(x) = y \\ y^2 \pm py \pm q = 0 \end{cases}$$

Шешуі. Есеп талабында жалпы түрде жазылған ақпар есеп шығару кезіндегі ойымызды басқарады. Талаптағы квадрат теңдеудің дәреже көрсеткіші 2-ге тең болғандықтан берілген теңдеуді  $x^2$  бөлеміз. Сонда

$$x^2 - 3x - 8 + \frac{12}{x} + \frac{16}{x^2} = 0 \tag{2}$$

Мүшенің саны үшеу болуы талапта көрсетілген. (2) теңдеудің мүшелерін дәреже көрсеткіштеріне қарай топтастырсақ, онда ол талап та орындалады.

$$\left(x^2 + \frac{16}{x^2}\right) - \left(3x - \frac{12}{x}\right) - 8 = 0 \Rightarrow \left(x^2 + \frac{16}{x^2}\right) - 3\left(x - \frac{4}{x}\right) - 8 = 0 \quad (3)$$

(3) теңдеуінің бірінші екі мүшесінің негізгі айырмашылығы дәреже көрсеткіштерінде. Екінші мүшедегі  $x - 4/x$ -ті  $y$ -пен белгілеп квадраттасақ, онда форманың дәреже көрсеткіші де табылады деген болжам айтамыз.

$$x - \frac{4}{x} = y \Rightarrow \left(x - \frac{4}{x}\right)^2 = y^2 \Rightarrow x^2 + \frac{16}{x^2} - 8 = y^2 \quad (4)$$

Есептің талабы орындалды.

$$\begin{cases} x - \frac{4}{x} = y \\ y^2 - 3y = 0 \end{cases}$$

Координат жүйесінде квадрат үшмүшеліктің графигі салынғаннан кейін квадрат теңдеудің негізгі (ордината өсінің оң жағында орналасқан) шешімі  $y = 3$  және симметриялық шешімі  $y = 0$  табылады. Оларды жүйенің бірінші теңдігіне қойып  $x^2 - 3x - 4 = 0$  нақты теңдеуін және  $x^2 = 4$  симметриялық теңдеулерін аламыз. Бірінші теңдеуден  $x_1 = 4$  негізгі және  $x_2 = -1$  симметриялық шешімдер табылады.  $y = 0$  шешімді жүйенің бірінші теңдігіне қойғанда тағыда екі симметриялық шешімдер  $x_3 = 2, x_4 = -2$  табамыз.

2.  $(x^2 + x + 1)^2 = x^2(3x^2 + x + 1) \Rightarrow x = r ?$

Шешуі. 2-есептің қойылысында шешімін табу керектігі көрсетілген. Демек, ол есеп шығарушының ойына бағыт беріп тұрған жоқ. Сондықтан талаптан бұрын есеп шығарушының ойын басқаратын теңдеудің жүйеге жіктелуінің жалпы түрін жазып қоялық.

$$(x^2 + x + 1)^2 = x^2(3x^2 + x + 1) \Rightarrow \begin{cases} f(x) = y \\ y^2 \pm py \pm q = 0 \end{cases} \Rightarrow x = k$$

Мұндағы сұрақ таңбалары  $f(x), y, p, q$  шамалары белгісіздігін білдіреді.

1-есептегі сияқты теңдіктің екі жағында  $x^2$ -қа бөлсек, онда аламыз

$$\left(\frac{x^2 + x + 1}{x}\right)^2 = 3x^2 + x + 1$$

Бұл теңдікте тұрақты функция табылған сияқты, бірақ сол арқылы теңдіктің оң жағындағы квадрат үшмүшелік өрнектелмейтіндігі бірден байқалады. Жүйедегі квадрат теңдеу құрамында тағы да бір ақпар бар.  $y^2$ -тың дәреже көрсеткіші

тұрақты функцияның көрсеткіші емес. Осы тұрғыдан қарастырғанда  $y$  пен  $xy$ -ті салыстырсақ, оларды ұқсас деп айтамыз. Орналасу тұрғысынан берілген теңдеудегі негіз бен  $3x^2 + x + 1$  салыстырып ұқсастығы бар – жоқтығын анықтауымыз керек. Үшмүшеліктердің дәреже көрсеткіштері бірдей болғандықтан олардың құрылымынан ұқсас өрнектер ажыратып алуымызға болады. Сондықтан осы идеяны іске асыру тұрғысынан  $3x^2 + x + 1$ -ді түрлендірейік.

$$\begin{aligned} (x^2 + x + 1)^2 &= x^2(2x^2 + x^2 + x + 1) \Rightarrow (x^2 + x + 1)^2 = 2x^4 + x^2(x^2 + x + 1) \Rightarrow \\ &\Rightarrow \frac{(x^2 + x + 1)^2}{x^4} = 2 + \frac{x^2 + x + 1}{x^2} \Rightarrow \left(\frac{x^2 + x + 1}{x^2}\right)^2 - \frac{x^2 + x + 1}{x^2} - 2 = 0 \end{aligned}$$

Құрамында бір ғана функция болғанда квадрат теңдеуді шеше аламыз. Осы мүмкіншілік бірінші жолдың « $\Rightarrow$ » таңбасынан кейін орналасқан теңдікті  $x^4$ -не бөлгенде ғана іске асатындығы байқалады.

Енді квадрат теңдеуден екі мүшеліктің толық квадратын бөліп шығару арқылы стандарт функцияның координат жүйесін табамыз. Сонда

$$\left. \begin{aligned} \frac{x^2 + x + 1}{x^2} = y \\ y^2 - y - 2 = 0 \end{aligned} \right\} \Rightarrow \left. \begin{aligned} \frac{x^2 + x + 1}{x^2} = y \\ \left(y - \frac{1}{2}\right)^2 = \frac{9}{4} \end{aligned} \right\}$$

Квадрат теңдеудің негізгі түбірін  $y = 2$ -ні бірінші теңдікке қойып  $x = \frac{1 + \sqrt{5}}{2}$  негізгі шешімді табамыз.

$$3. 2\left(\frac{2-x}{x-3}\right) = \frac{2}{x^2} + \frac{x^2}{18} + \frac{4}{3} \Rightarrow \begin{cases} \frac{2-x}{x-3} = y \\ y^2 \pm py \pm q = 0 \end{cases}$$

3-есепте тұрақты функция берілгендігі және сол бойынша квадрат теңдеуді іздестіру талапта көрсетілген. Іздестіру кезіндегі орындайтын амалдар туралы ақпар квадрат теңдеудің құрамында бар. Сол ақпардың негізінде орындалған есеп-темелер төменде берілді.

$$\begin{aligned} \frac{2-x}{x-3} &= y \\ y^2 &= \frac{4}{x^2} + \frac{x^2}{9} - \frac{4}{3} \end{aligned} \quad (5)$$

Теңдеудің оң жағындағы  $\frac{2}{x^2} + \frac{x^2}{18} + \frac{4}{3}$  өрнектен  $y^2$ -тың өрнегінің айырмашылығы бар. Айырмашылықты жою үшін соңғы теңдіктің екі жағында 2-ге бөлеміз:



$$y^2 = \frac{4}{x^2} + \frac{x^2}{18} - \frac{4}{3} \Big| : 2 \Rightarrow \frac{y^2}{2} = \frac{2}{x^2} + \frac{x^2}{9} - \frac{2}{3}$$

Келесі айырмашылықты жою үшін  $-4/3 + 4/3 = 0$  нөлді теңдіктің оң жағына қосамыз. Сонда аламыз:

$$\begin{aligned} \frac{y^2}{2} &= \frac{2}{x^2} + \frac{x^2}{18} + \frac{4}{3} - \frac{2}{3} - \frac{4}{3} \Rightarrow \\ \Rightarrow \frac{y^2}{2} &= \frac{2}{x^2} + \frac{x^2}{18} + \frac{4}{3} - 2 \Rightarrow \frac{y^2}{2} + 2 = \frac{2}{x^2} + \frac{x^2}{18} + \frac{4}{3} \end{aligned} \quad (6)$$

(5) және (6) теңдіктерінен мына жүйені аламыз:

$$\begin{cases} \frac{2-x}{x} = y \\ \frac{y^2}{2} + 2 = 2y \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} \frac{2-x}{x} = y \\ (y-2)^2 = 0 \end{cases} \Rightarrow \frac{2-x}{x} = 2 \Rightarrow x = -3 + \sqrt{15}$$

$$4. \ x^2 + \frac{81x^2}{(x+9)^2} = 40 \Rightarrow \begin{cases} f(x) = y \\ y^2 \pm py \pm q = 0 \end{cases}$$

Талдау. Есептің құрылымында екі функцияның квадраттарының қосындысы бар. Бізге керекті дәреженің негізі. Ол негіз екі мүшенің құрамында бар. Оның әрбір мүшедегі үлестері беймәлім. Сондықтан ізденді құрылымды табу үшін жаңа айнымалылар енгізіп есеп құрылымында жоқ өрнекті табуға төменде көрсетілгендей есеп құрастыралық.

$$x^2 = a^2; \frac{81x^2}{(x+9)^2} = b^2 \Rightarrow (a-b)^2 = a^2 + b^2 - 2ab \Rightarrow a - b \quad (7)$$

(7) көмекші есептің құрамында мына мәселе айтылған. Ізденді айырманы табу үшін берілген теңдеудің сол жағынан оның екі еселенген негіздерінің көбейтіндісін алып тастау керектігі айтылған. Ал теңдеудегі теңдік таңбасын өзгертпеу үшін мына нөлді  $-2ab + 2ab$  -ны қосу керектігі шығады.  $a = x$ ,  $b = 9x/(x+9)$ . Теңдікке қосатын нөлдің құрылымы анықталды:  $-18x^2/(x+9) + 18x^2/(x+9)$ . Осыны қосып және жинастырсақ, онда стандарт түрге келтіре аламыз. Сонда

$$x^2 - \frac{18x^2}{x+9} + \frac{81x^2}{(x+9)^2} + \frac{18x^2}{x+9} = 40 \Rightarrow \left(x - \frac{9x}{x+9}\right)^2 + \frac{18x^2}{x+9} = 40 \Rightarrow \left(\frac{x^2}{x+9}\right)^2 + 18 \cdot \frac{x^2}{x+9} = 40$$

Құрылымы тұрақты функция да, квадрат теңдеудің дәреже көрсеткіші және оның құрылымындағы  $p$  мен  $q$  параметрлерінің мәндері де табылды. Енді екінші мүшедегі функцияны  $u$ -пен белгілеп талапта тұрған жүйенің құрылымын айқындап, оның шешімін табамыз.

$$\begin{cases} \frac{x^2}{x+9} = y \\ y^2 + 18y - 40 = 0 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} \frac{x^2}{x+9} = y \\ (y+9)^2 - 121 = 0 \end{cases} \Rightarrow \frac{x^2}{x+9} = 2 \Rightarrow x^2 - 2x - 18 = 0 \Rightarrow x = 1 + \sqrt{19}$$

Математикалық объектілерден ақпарат алмасақ, онда ойлай да, бір-бірімізбен сөйлесе де, есепті де шығара алмаймыз. Ақпарат ойлауға үйрету әдістемесінің негізгісі. Біздің ойымыздың баяндылығына негіз ретінде алынғаны көп ғасыр бойы адамзаттың қарым-қатынас құралы болып жатқан ақпарат. Есептерден ақпарат алып, сол бойынша тиісті шешім қабылдап, оны іске асыруды ақпарат әдістемесі дейді [3,102]. Ойлауды қалыптастыру үшін, объектілерден хабар алып, оларды бір-бірімен салыстырып, тиісті шешім қабылдап, оны іске асыруды ойлау арқылы есеп шығару деп түсінеміз. Өртүрлі есептерді шешу барысында шығармашылық қабілеттілік, ізденгіштік қасиеттерді дамытып өрістетуде берілген жатығуларды әр түрлі тәсілмен шешіп, ішінен ең қарапайым, тиімдісін тандап алудың маңызы зор.

### Әдебиеттер

1. Момиконов А.Г. Принятие решений и информация. – М.: Просвещение, 1987.
2. Алпысов А.Қ. Теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудің әдістемелік негіздері. – Павлодар: ПМПИ баспасы, 2007.
3. Есмұқан М.Е. Математиканы ақпараттық технологиямен оқыту. – Көкшетау. 2002.
4. Талызина Н.Ф. Управление процессом усвоения знаний. – М.: Педагогика, 1985.
5. Крупич В.И. Структура и логика процесса обучения математике в средней школе. – М., 1990.

ӨОЖ: 378.147:53:004

ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ ҮРДСІНДЕ КОМПЬЮТЕРЛІК  
МОДЕЛЬДЕРДІ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Р.Н. Асылбаев**

*Бұл мақалада ЖОО-да 5В011000-Физика мамандығының арнайы пәндерін оқытуда компьютерлік модельдеуді қолдану ерекшеліктері туралы айтылған. Компьютерлік модельдеудің кәдімгі экспериментпен салыстырғандағы тиімді жақтары туралы айтылған. Физикалық құбылыстарды модельдеуге арналған бағдарламалық құралдардың талдамасы жасалған. Физикалық модельді құрастырудың алгоритмі ұсынылған. Мысал ретінде тұрақты магнит өрісіндегі протонның қозғалысының моделі Mathematica 5 пакетінің көмегімен жасалған.*

*В статье рассказывается об особенностях применения компьютерных моделей в процессе преподавания специальных дисциплин специальности 5В011000-Физика в вузе. Описываются преимущества применения компьютерных моделей в сравнении с реальным экспериментом. В статье также рассмотрены программные средства, предназначенные для моделирования физических процессов. Предложен алгоритм составления физической модели. Для примера смоделировано движение протона в постоянном магнитном поле с помощью пакета Mathematica 5.*

*In this clause is told about a technique of application of computer models during teaching special disciplines of a speciality 5В011000-physics in high school. The advantages of application of computer models in comparison with real experiment are described. In clause software intended for modeling of physical processes also are considered. The algorithm of drawing up of physical model is offered. For example the movement of a proton in a constant magnetic field with the help of a package Mathematica 5 is simulated.*

ЖОО-да кредиттік жүйе бойынша оқыту кезінде студенттердің өздік жұмыстары негізгі орын алады. Осы жағдайда білім сапасын артыру үшін оқытудың жаңашыл технологияларын қолдану керек. Қазіргі кезде қашықтықтан оқыту кең қарқын алууда. Оқытудың бұл түрі ақпараттық технологияларды қолдануға негізделген. Физика сабақтарында ақпараттық технологиялар, оның ішінде компьютер студенттердің тәжірибелік, ізденушілік іс-әрекеттерін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Осындай іс-әрекетті іске асырудың бірден бір жолы компьютерлік модельдерді қолдану. «Физика» мамандығы бойынша оқытын студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру кезінде компьютерлік модельдеуді қолдану студенттердің физикалық құбылыстарды тереңінен түсінулеріне, іргелі білім алуларына мүмкіндік жасайды.

Компьютерлік модельдеудің техникалық тұрғыда да тиімді жақтары бар. Оның кәдімгі зертханалық эксперименттен артықшылығы физикалық құбылыс-

тардың динамикалық көріністерін ұсынуда және нақты тәжірибе кезінде байқалмайтын тұстарды көру мүмкіндігінде. Компьютерлік модельдерді қолдану кезінде табиғаттың шынайы құбылысының қарапайымдатылған моделі жасалады. Әрі қарай, модельдеудің әрбір келесі кезеңінде модельді қосымша факторлармен толықтыра отырып, оны нақты құбылысқа жақындатуға болады. Сонымен бірге, компьютерлік модельдеу процестің уақыттық масштабын өзгертуге және физикалық эксперименттерде іске асырылмайтын жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді.

Физикалық құбылыстарды модельдеуді іске асыру үшін арналған бағдарламалық құралдар жеткілікті. Оларды шартты түрде үш топқа бөлдік:

